

Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 19 ақпандағы № 22 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 наурызда № 4067 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 24 қазандағы № 206 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 24.10.2013 № 206 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабының 3-тармағына сәйкес, Қарасу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 19 ақпандағы № 101 "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін келісу туралы" шешімінің негізінде Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің орынбасары Е . З . Б а л ж а қ а е в қ а жүктелсін.

3. Қарасу ауданы әкімдігінің "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін белгілеу туралы" 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 6 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-13-77 болып тіркелген, 2009 жылдың 18 ақпанда "Қарасу өңірі" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а р а с у

ауданының әкімі

А. Шәмшиев

КЕЛІСІЛДІ:

*Қарасу аудандық маслихаттың
кезектен тыс сессиясының төрағасы*

В. Бабушкин

_____ С. Қазиев

Ә к і м д і к т і ң

2013 жылғы 19 ақпандағы

№ 22 қаулысына қосымша

**Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін
әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет
және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:
 - 1) күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
 - 2) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант.
2. Білім беру мамандарының лауазымдары:
 - 1) барлық мамандықтағы мұғалімдер;
 - 2) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшысының орынбасары;
 - 3) мектеп жанындағы интернаттың, тұрғылықты орталықтың меңгерушісі;
 - 4) дене тәрбиесінің басшысы;
 - 5) алғашқы әскери даярлық басшысы;
 - 6) оқу, оқу-өндірістік, оқу-тәрбие, тәрбие жұмысы жөніндегі және қосымша білім берудің басқа да ұйымдары директорының орынбасары;
 - 7) логопед;
 - 8) әлеуметтік педагог;
 - 9) педагог-ұйымдастырушы;
 - 10) қосымша білім беру педагогы;
 - 11) педагог-психолог;
 - 12) аға тәрбиеші, тәрбиеші;
 - 13) музыкалық жетекші;
 - 14) аға жетекші;
 - 15) дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы;
 - 16) оқу-өндірістік (оқыту) шеберханасының меңгерушісі;
 - 17) зертхананың, кабинеттің меңгерушісі;
 - 18) еңбек жөніндегі нұсқаушы;
 - 19) аға әдістемеші, әдістемеші;
 - 20) өндірістік оқыту шебері;
 - 21) аға шебері;
 - 22) медициналық бике;

- 23) емдем бикесі;
24) хореограф;
25) кітапханашы;
26) кітапхана меңгерушісі;
27) алғашқы әскери даярлық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы.

3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

- 1) ұйымның директоры, басшысы, бастығы;
- 2) бөлімше басшысы;
- 3) директордың, басшының, бастықтың орынбасары;
- 4) сектордың, бөлімнің, кітапхананың меңгерушісі;
- 5) сектор, халық ұжымының басшысы;
- 6) суретші-ресімдеуші, қоюшы суретші;
- 7) бейне-дыбыс жазбаның, жарық аппаратурасының операторы;
- 8) кітапханашы, аға кітапханашы, библиограф;
- 9) мәдени ұйымдастырушы;
- 10) аккомпаниатор;
- 11) көркем басшысы;
- 12) хореограф;
- 13) әдіскер, аға әдіскер, жетекші әдіскер, нұсқаушы-әдіскер.

4. Спорт мамандарының лауазымдары:

- 1) әдіскер;
- 2) нұсқаушы.